

"Шығыс Қазақстан облысының елді мекендерінде қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 1 шілдедегі № 29/363-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 4/39-VII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 8721 болып тіркелді. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 22 тамыздағы № 18/155-VII шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.08.2022 № 18/155-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шығыс Қазақстан облысының елді мекендерінде қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 1 шілдедегі № 29/363-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 4028, 2015 жылғы 21 шілдеде "Дидар", 2015 жылғы 22 шілдеде "Рудный Алтай" газеттерінде, 2015 жылғы 27 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

atalған шешіммен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының елді мекендерінде қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының хатшысы

А. Аңчугин

Д. Рыпаков

Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2021 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 4/39-VII шешіміне қосымша

## Шығыс Қазақстан облысының елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысының елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жоюдың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-2 тармағына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын реттеу, сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау мақсатында әзірленді.

2. Осы Қағидалар облыс елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тәртібін айқындайды.

### 2. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою

3. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жоюды аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асырады.

4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жұмыстарына міндетті медициналық тексеріп-қараудан өткен адамдар жіберіледі.

5. Жалпы пайдаланудағы қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, скверлерде және басқа орындарда) адамдардың алып жүруінсіз жүрген иттер мен мысықтар, иелері байлан қалдырғандарынан басқа, қаңғыбас деп есептеліп, аулануға жатады.

6. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жеке және занды тұлғалардың өтініштерінің негізінде жүргізіле алады.

7. Қаңғыбас иттер мен мысықтар:

- тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- тұрғындардың денсаулығын сақтау мақсатында;
- олардың санын реттеу;
- иелеріне қайтару;
- оларды орналастыру мақсатында ауланады.

8. Жергілікті атқарушы органдар ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтарды, олардың тиесілігі анықталғанға дейін, оларды бағу үшін қажетті жағдайы бар адамға тапсыруы мүмкін.

Егер екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса, ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эвтаназиялауға жатады.

9. Иттер мен мысықтардың өлекселерін тасымалдау қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың арнайы жабдықталған автокөлігімен жүзеге асырылады.

10. Қаңғыбас иттер мен мысықтардың өлекселерін жою мал қорымдарында (биотермиялық шұңқырлар), инсинераторларда (өлекселерді өртейтін пеш) жүзеге асырылады.

11. Жол берілмейді:

түрғын үй-жайларда, жеке түрғын үй қорындағы үйлердің қоршалған аумақтарында, иелерінің өтініштерін қоспағанда, иттер мен мысықтарды аулауға және жоюға;

қаңғыбас иттер мен мысықтардың өлекселерін лақтырып тастауға және оларды рұқсатсыз көмуге.

### **3. Осы Қағидаларды бұзғандық үшін жауапкершілік**

12. Осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 408-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.